



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№23/205
6 маусым



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru



ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ БЕС ЖАҢА ЗАҢҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 15 наурызда қабылданған Конституцияның ережелерін іске асыру мақсатында бес Конституциялық заңға қол қойды:

1. «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» конституциялық заңы. Заң Қазақстан Республикасы Президентінің құқықтық мәртебесін, өкілеттіктерін және қызметін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Вице-Президентінің құқықтық мәртебесін қамтамасыз ету тәртібін айқындайды.

Заңның басты жаңалығы – Вице-Президент институтының құрылуы. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Вице-Президент мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл барысында оның мүдделерін білдіреді және Президент айқындаған міндеттерді орындайды.

2. «Қазақстан Республикасының Құрылтайы және оның депутаттарының мәртебесі туралы» конституциялық заңы

Конституциялық заң Құрылтайды ұйымдастыру мен оның қызметін, заң шығару процесін және Құрылтайдың өкілеттіктерін жүзеге асырудың өзге де нысандарын, оның депутаттарының құқықтық мәртебесін белгілейді.

Құрылтай – заң шығарушы билікті жүзеге асыратын ең жоғары өкілді орган.

Құрылтай партиялық тізім бойынша сайланған 145 депутаттан тұрады. Құрылтай депутатының өкілеттілік мерзімі – 5 жыл.

Органды мемлекеттік тілді жетік менгерген депутаттар арасынан жасырын дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен сайланатын Төраға басқарады.

Занда Құрылтай өкілеттіктерінің кең ауқымы, соның ішінде Вице-Президентті, Премьер-Министрді, Конституциялық Сот судьяларын, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатаның мүшелерін тағайындауға келісім беру, Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы бойынша Жоғарғы Соттың судьяларын сайлау және қызметтен босату, Конституциялық Соттың, Жоғарғы Соттың судьяларын қолсұғылмаушылық құқынан айыру, Президент сайлауын тағайындау, Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның республикалық бюджеттің орындалуы туралы есептерін бекіту айқындалады.

3. «Қазақстан Халық Кеңесі туралы» конституциялық заңы Конституциялық заң Қазақстан Халық Кеңесінің құқықтық мәртебесін,

өкілеттігін, құрылу тәртібін, құрамын қалыптастыруды және қызметін ұйымдастыруды белгілейді.

Қазақстан Халық Кеңесі жоғары консультативтік орган саналады. Жалпыхалықтық диалогты және азаматтық қоғамның елдегі ішкі саясатты қалыптастыруға қатысуын қамтамасыз ету мақсатында құрылады. Кең ауқымдағы өкілеттікке, соның ішінде заңнамалық бастама көтеруге және жалпыхалықтық референдум өткізуді ұсынуға құқығы бар.

Қазақстан Халық Кеңесі Қазақстан Республикасының азаматтарынан құралады.

Кеңес құрамында тепе-теңдік қағидаты негізінде этномәдени және қоғамдық бірлестіктердің, сондай-ақ астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың мәслихаттары мен қоғамдық кеңестерінің атынан 42 адамнан өкілдік етеді, оны Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

Халық Кеңесіне Төраға басшылық жасайды. Халық Кеңесінің өкілеттік мерзімі – төрт жыл.

4. «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» конституциялық заңы

Конституциялық заң астананың жұмыс істеуі саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және оның қызметінің құқықтық, экономикалық және ұйымдық негіздерін айқындайды.

Құжатта мәслихаттың, жергілікті өзін өзі басқару органының және қала әкімі жетекшілік ететін жергілікті атқарушы органның өкілеттіктері нақты белгіленген.

Заң шаһардың бірыңғай сәулеттік келбеті мен дизайн кодына қойылатын міндетті талаптарды айқындайды, сондай-ақ елорда тіршілігін қамтамасыз ету және инфрақұрылымды дамыту жөніндегі ведомстволық бағынысты ұйымдардың өкілеттіктерін бекітеді.

5. «Әкімшілік-аумақтық құрылыс туралы» конституциялық заң

Конституциялық заң әкімшілік-аумақтық бірліктерді құру және тарату, олардың шекараларын белгілеу және өзгерту, әкімшілік-аумақтық бірліктерді есепке алу және тіркеу, атаулар беру мен атауларды өзгерту тәртібін айқындайды.

Әкімшілік-аумақтық құрылымдағы қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеудің мақсаты – тиімді мемлекеттік басқару үшін Қазақстан Республикасының ұтымды аумақтық ұйымдастырылуын қамтамасыз ету.



ДЕПУТАТТАР НАЗАРЫНДА

Мәслихат депутаттары мен қоғамдық кеңестің төрағасы Сарыарқа көшесі, 1 және Ағыбай батыр көшесі, 5 мекенжайларында орналасқан балалар ойын алаңдарын жөндеу жұмыстарының барысымен танысты. Қазіргі уақытта аталған нысандарда абаттандыру және жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Жоба аясында әр ойын алаңына төрт жаңа ойын элементі орнатылып, балалардың қауіпсіз әрі жайлы ойнауына жағдай жасау мақсатында жасанды көгал төселуде. Сонымен қатар, аумаққа сыртқы жарықтандыру жүйесі орнатылып, тұрғындардың қолайлығы үшін орындықтар мен қоқыс жәшіктері қойылатын болады. Нысандарды аралау барысында депутаттар мен Қоғамдық кеңес төрағасы жүргізіліп жатқан жұмыстардың сапасы мен орындалу мерзіміне назар аударып, балалардың бос уақытын тиімді өткізуіне арналған инфрақұрылымды дамыту маңызды бағыттардың бірі екенін атап өтті. Жөндеу жұмыстарын жүзеге асырып жатқан мердігер ұйым – «ПромСтройГарант» ЖШС. Жобаны іске асыру нәтижесінде балалар ойын алаңдарының жағдайы жақсарып, тұрғындар үшін қауіпсіз әрі қолайлы қоғамдық кеңістік қалыптасады. Одан бөлек жағажай аумағын абаттандыру жұмыстарының барысымен танысты. Туристер мен инвесторларды тарту мақсатында жүзеге асырылып жатқан бұл жоба аясында жағажай аумағын заманауи талаптарға сай абаттандыру көзделген. Қазіргі уақытта нысанда автомобиль жолын салу, автотұрақ аймағын ұйымдастыру, жағажай волейболына арналған алаң, балалар ойын алаңы, тротуарлар салу және сыртқы жарықтандыру жүйесін орнату жұмыстары жүргізілуде. Жұмыстардың мердігер ұйымы – «Жүректер бірге» қоғамдық бірлестігі. Нысанды аралау барысында атқарылып жатқан жұмыстардың сапасы мен мерзіміне назар аударып, жобаның қала тұрғындары мен қонақтары үшін маңыздылығын атап өтті. Аталған жобаны іске асыру нәтижесінде қалада екінші ком-

муналдық жағажай ашылып, тұрғындар мен қала қонақтарының жайлы демалуына қолайлы жағдай жасалады. Сонымен қатар, жағажай инфрақұрылымының жақсаруы қаланың туристік тартымдылығын арттырып, инвестиция тартуға оң әсерін тигізеді.

Приозерск қалалық мәслихатының депутаттары салынып жатқан балабақша құрылысының барысымен танысты. Аталған нысан – 320 орынға арналған үш қабатты балабақша. Жобаға сәйкес ғимараттың айналасы толық абаттандырылып, балалар ойын алаңдары орнатылады. Жаяу жүргіншілер жолдарына брусчатка төселіп, аумаққа асфальт жабындысы салынады және автокөліктерге арналған тұрақ қарастырылған. Нысанның құрылысын мердігер ұйым – «ЕділСтройСервис» ЖШС жүзеге асыруда. Қазіргі уақытта құрылыс алаңында іргетасқа арналған қалыптарды (опалубка) монтаждау жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар құрылыс алаңы қоршалып, қазаншұңқыр толық қазылған және нысанға қажетті көлемде құрылыс материалдары жеткізілген. Құрылыс алаңында қазіргі таңда 10 жұмысшы еңбек етуде. Сондай-ақ жұмыстарды жүргізуге 7 арнайы техника жұмылдырылған. Депутаттар құрылыс жұмыстарының барысымен танысып, нысанның сапалы әрі құрылыс талаптарына сәйкес жүзеге асырылуының маңыздылығын атап өтті. Сонымен қатар бұл әлеуметтік маңызы бар нысанның құрылысы алдағы уақытта олардың тұрақты бақылауында болатынын жеткізді. Мердігер тарапынан құрылыс жұмыстарын жүргізуге қажетті қаражаттың әлі бөлінбегені айтылды. Осыған байланысты қаржыландыру мәселесі облыстық деңгейде көтеріліп, қажетті қаражатты қарастыру жөнінде облыстық мәслихатқа тиісті хат жолданып болады.

Атқарылып жатқан жұмыстардың сапалы және уақытылы орындалуы мәслихат депутаттарының тұрақты бақылауында болады.

Приозерск қалалық мәслихаты

akorda.kz



ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІНЕ ОРАЙ БІР МЕЗЕТТЕ ӘНҰРАН ШЫРҚАЛДЫ

Акцияның мақсаты — азаматтық пен патриоттыққа, өз Отанымыз — Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, еліміздің мемлекеттік рәміздеріне деген құрметті қалыптастыру, сондай-ақ олардың мәні мен маңызын түсіну.

1992 жылы 4 маусымда Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік рәміздері алғаш рет бекітілді. 2007 жылдан бастап қазақстандықтар бұл күнді мерекелей бастады. Мемлекеттік Ту, Елтаңба және Әнұран — мемлекеттің негізгі рәміздері саналады.

1992 жылы республиканың Ел-

таңба, Ту, Әнұран жобасын жасауға конкурс жарияланды. Рәміздердің үлгісі бойынша конкурсқа 600-ден астам адам қатысты. Оның ішінде мемлекеттік Ту эскизі бойынша 1200 өтінім түскен. Суретші Шәкен Ниязбеков салған Ту үлгісі бекітілді.

Елтаңбаның 245 сурет жобасы мен 67 кескіндемесі ұсынылды. Елтаңба жобасы конкурсында сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шота Уәлихановтың жұмысы үздік деп танылып, қазіргі нұсқа бекітілді.

facebook.com/priozersk.akimdigi

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНДА ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЛА ӘКІМІНІҢ ГРАНТ КОНКУРСЫ ДӘСТҮРЛІ ТҮРДЕ ӨТУДЕ

Приозерск қаласында жыл сайын ұйымдастырылатын жастарға арналған қала әкімінің грант конкурсы биыл да өз жалғасын тапты. Дәстүрлі байқау аясында жас кәсіпкерлер мен белсенді жастар түрлі бағыттағы бизнес-жобаларын ұсынып, өздерінің тың идеялары мен жаңа бастамаларын таныстырды.

Биылғы конкурсқа туризм, білім беру, IT, қызмет көрсету, жеңіл өнеркәсіп, қоғамдық тамақтану, шығармашылық және өзге де бағыттардағы жобалар қатысты. Қатысушылар өз бастамаларын таныстырып, жобалардың қала тұрғындары үшін маңыздылығы мен болашақ мүмкіндіктеріне тоқталды.

Конкурс барысында ұсынылған жобалардың инновациялық бағытқа, жастар кәсіпкерлігін дамытуға және халыққа қолайлы қызмет көрсетуге басымдық беретіні байқалды. Сонымен қатар бастамалардың басым бөлігі жаңа жұмыс орындарын ашуға және жастардың кәсіпкерлік әлеуетін арттыруға бағытталған.

Ұсынылған жобалардың басты мақсаты — жастар бастамаларын қолдау, шағын және орта бизнесті дамыту, тұрғындарға заманауи әрі сапалы қызмет ұсыну, сондай-ақ қаланың экономикалық белсенділігін арттыру.

facebook.com/priozersk.akimdigi



БАЛАЛАР – БІЗДІҢ БАҚЫТЫМЫЗ БЕН БОЛАШАҒЫМЫЗ!



1 маусым — Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Приозерск қаласының орталық алаңында мерекелік концерт ұйымдастырылды.

Мереке балалар шеруімен басталып, бүлдіршіндер өздерінің арман-тілектерін білдіріп, түрлі-түсті шарларды көкке ұшырды. Домбырашылар ансамблінің орындауындағы «Балбырауын» күйі мерекелік кештің ерекше сәнін келтірді.

старының жеңімпаздарын марапаттап, қаржылай сертификаттар мен бағалы сыйлықтарды тапсырды.

Мерекелік концертте «Аяла», «Жорға», «Вдохновение» би ансамбльдері мен талантты жас өнерпаздар өнер көрсетіп, көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Концерттің шарықтау шегі балалар хорының орындауындағы «Әрқашан күн сөнбесін» әнімен аяқталып,



Іс-шара барысында Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Ұлан Алмас қаламыздың намысын абыроймен қорғап жүрген жас спортшыларға Алғыс хаттар табыстады. Сонымен қатар, Балаларды қорғау күніне орай ұйымдастырылған «Арқан тартыс», «Отбасылық эстафета» және «Қазақ күресі» жары-

мерекелік кеш әсерлі сәттерге толы болды.

Балалардың күлкісі — өмірдің сәні, елдің ертеңі. Барша бүлдіршіндерге шаттыққа толы балалық шақ, зор денсаулық пен жарқын болашақ тілейміз!

facebook.com/priozersk.akimdigi

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ – ОРТАҚ МІНДЕТ



Сыбайлас жемқорлық – қоғамның дамуына кедергі келтіретін маңызды мәселелердің бірі. Ол халықтың мемлекетке деген сенімін төмендетіп, әділдік қағидаттарының бұзылуына әсер етеді. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті болып саналады.

Мемлекет Басшысының 2025 жылғы 30 маусымдағы №927 Жарлығына сәйкес, еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты үйлестіру міндеті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері Агенттігіне жүктелген.

Бүгінде Агенттік тарапынан сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, қоғамда заң үстемдігін нығайту және адалдық қағидаттарын ілгерілету бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Бұл бастамалар қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырып, азаматтардың құқықтық санасын арттыруға және мемлекеттік басқару жүйесінің ашықтығы мен тиімділігін күшейтуге бағытталған.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында екі негізгі бағыт бойынша жұмыс жүргізіледі. Оның бірі – сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жасау болса, екіншісі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілетін сыртқы талдау белгілі бір саладағы немесе мекемедегі заңбұзушылыққа себеп болуы мүмкін осал тұстарды анықтауға бағытталған. Талдау нәтижесінде кемшіліктерді жоюға арналған нақты ұсынымдар беріледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг мемлекеттік органдардағы қабылданып жатқан шаралардың тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар заңнаманың сақталу деңгейі мен қоғамдағы сыбайлас жемқорлықты қабылдау көрсеткіші сараланады.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда түсіндіру және ағарту жұмыстарының маңызы зор. Осы бағытта қоғам белсенділерінен құралған аппараттық-түсіндіру тобы мүшелерінің қатысуымен мемлекеттік қызметшілер, жастарға және квазимемлекеттік сектор өкілдеріне арналған семинарлар, кездесулер мен акциялар тұ-

рақты түрде өткізіліп келеді. Ағымдағы жылдың 1 тоқсанында олардың қатысуымен 60-тан астам іс-шара өткізілді.

Аталған кездесулер адалдық мәдениетін қалыптастыруға, мемлекеттік қызметшілер арасында әдеп нормаларын сақтау мен заң талаптарын түсіндіруге бағытталған.

Сонымен қатар елімізде мемлекеттік аппаратты жетілдіру бағытында да ауқымды жұмыстар атқарылуда. Президенттің мемлекеттік аппарат қызметін бюрократиядан арылту туралы Жарлығы аясында шешім қабылдау үдерістерін жеңілдету, артық құжат айналымын қысқарту және цифрлық технологияларды кеңінен енгізу жұмыстары жүргізілуде.

Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасының мерзімінің аяқталуына байланысты алдағы бес жылға арналған жаңа тұжырымдама жобасын әзірлеу жұмыстары жүргізілуде.

Осыған орай мемлекеттік органдар мен қоғам өкілдерінің қатысуымен жаңа тұжырымдамаға ұсыныстар енгізу мақсатында бірқатар кездесулер өткізілуде.

Іс-шаралар барысында жаңа тұжырымдама жобасының негізгі басым бағыттары таныстырылып, қатысушылар өз ой-пікірлерімен бөлісіп, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тетіктерін жетілдіруге бағытталған бірқатар маңызды ұсыныстарын білдірді.

Өз кезегінде, аталған стратегиялық құжатқа қатысты ұсыныстарыңыз бен пікірлеріңіз болған жағдайда, оларды Департаментке жолдауларыңызға болады.

Бұл жұмыстар мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыруға, ашықтық пен әділдік қағидаттарын нығайтуға, сондай-ақ, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға өз үлесін қосады деп сенеміз.

Ф.Касымова,
МҚІА Қарағанды облысы
бойынша департаменті
Сыбайлас жемқорлықтың
алдын-алу басқармасының
басшысы

ҚОҒАМДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТӨЗБЕУШІЛІК КӨЗҚАРАСТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бүгінде мемлекеттік қызмет жүйесінде әділ әрі ашық кадрлық саясат қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуде. Қызметкерлердің жаңа бастамалар ұсынуы және жұмыс нәтижесін көрсетуі олардың мансаптық өсуіне ықпал етеді.

Бұл өз кезегінде мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттырып, халыққа сапалы қызмет көрсетуге мүмкіндік береді.

Осы бағыттағы маңызды қағидаттардың бірі – меритократия.

Бұл қағидат бойынша адам қызметте жеке байланысы немесе таныстығы арқылы емес, өзінің білімі, тәжірибесі, қабілеті мен еңбегінің нәтижесіне қарай өседі.

Меритократия қағидаты мемлекеттік қызмет жүйесінде әділдікті қалыптастыруға мүмкіндік береді. Егер қызметкер өз жұмысын сапалы атқарып, жауапкершілік танытып, нәтижеге қол жеткізсе, оның мансаптық өсуіне жол ашылады.

Мәселен, 2026 жылы Қарағанды облысының жергілікті атқарушы органдарында бірінші тоқсан көрсеткіші бойынша 11 басшылық лауазымына 6 (54,5%) мемлекеттік қызметші меритократия қағидаты негізінде ішкі конкурс арқылы тағайындалды.

Ал орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімдерінде

19 басшылық лауазымның 10-ы (53%) осындай тәртіппен тағайындау

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚОҒАМ ДЕРТІ

Сыбайлас жемқорлық - бүгінге дейін жойылмай отырған ең қауіпті дерттердің бірі. Ол айқалап келмейді, бірақ қоғамды іштен ірітіп, дамуға тұсау болады. Қанша заң қабылдап, қанша реформа жасалса да, бұл мәселе әлі өзекті күйінде қалып отыр.

Қазақстанда жемқорлықпен күрес мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі саналады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң қабылданып, түрлі шаралар жүзеге асырылуда. Дегенмен, қағаз жүзіндегі заң мен шынайы өмірдің арасында әлі де алшақтық бар.

Көп жағдайда халық парақорлықпен күнделікті өмірде бетпе-бет келеді. Қарапайым анықтама алу, кезеккүту, қызметті жылдамдату осындай ұсақ көрінетін әрекеттердің өзі үлкен жүйелік мәселенің бір бөлігіне айналып кеткен. Ең қауіптісі - адамдардың бұған үйреніп кетуі.

Жемқорлықтың тамыры тек жүйеде емес, адамның өзінде де жатыр. Кейбір мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейінің төмеді-

жүзеге асырылды.

Бұл өз кезегінде жастарға да үлкен мотивация береді. Өйткені әр адам өзінің білімі мен еңбегі арқылы жоғары лауазымға жете алатынын түсінеді.

Бүгінде мемлекеттік қызметке қойылатын талаптар да өзгерді. Қазіргі мемлекеттік қызметші тек заңды білетін маман ғана емес, халықпен ашық жұмыс істей алатын, заманауи технологияларды меңгерген тұлға болуы қажет.

Сондықтан кәсіби әрі белсенді мамандарды қолдау – мемлекеттік басқару сапасын арттырудың маңызды тетігі.

Меритократия қағидаты сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға да әсер етеді. Себебі кадрларды іріктеу мен қызметте өсіру кезінде ашықтық пен әділдік сақталса, қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімі артады.

Қорытындылай келе, меритократия – тиімді мемлекеттік қызметтің негізі. Әділ бағаланған еңбек қашан да нәтижесін береді, ал білімді әрі білікті мамандардың өсуі – мемлекеттің дамуына оң әсер етеді.

Б.Макеев,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің Қарағанды облысы
бойынша департаменті
басшысының орынбасары,
Әдеп кеңесінің хатшылығының
меңгерушісі

гі, жауапкершіліктің жетіспеуі, жеке пайдасын бірінші орынға қоюы бұл дерттің өршуіне жол ашады. Бірақ кінәні тек билікке ысырып қою да дұрыс емес. Пара беруші де – сол жүйенің бір бөлігі.

Бұл мәселемен күресу үшін қоғамның белсенділігі аса маңызды. Әрбір азамат заң бұзушылыққа көз жұма қарамай, өз ұстанымын білдіруі тиіс. Арыз-шағымдар әділдікті орнатудың бір құралы. Ал сот пен құқық қорғау органдары сол сенімді ақтауы қажет.

Жемқорлықпен күрес – бір күндік науқан емес. Бұл – сана мен көзқарасты өзгертуді талап ететін ұзақ процесс. Егер әркім “маған қатысы жоқ” деген ойдан арылмаса, бұл дерт әлі талай жыл біздің қоғамды тежей береді.

Сандықтан таңдау қарапайым: не біз жемқорлыққа қарсы тұрамыз, не ол бізді жеңеді.

Сот әкімшісінің басшысы
Э.А.Жакупова

ӨНЕР ӨРКЕНДЕГЕН ӨЛКЕ



Приозерскте Мәдениет және өнер қызметкерлері күні ерекше сән-салтанатымен аталып өтті. Қала руханияты мен шығармашылық әлемінің өкілдерін ұлықтаған бұл кеш өнерге деген құрметтің, мәдениетке деген жанашырлықтың жарқын көрінісіне айналды. Өнер мен руханиятты ту еткен мәдениет майталмандарының еңбегі еленіп, олардың ел өміріндегі маңызы кеңінен насихатталды.

Салтанатты шара күй атасы Құрманғазы Сағырбайұлының «Балбырауын» күйімен ашылды. «Балбырауын» домбырашылар ансамблінің орындауындағы күмбірлеген күй көрерменге ерекше рух сыйлап, ұлттық өнердің құдіретін тағы бір мәрте сезіндірді. Домбыраның қоңыр үні кештің шымылдығын айқара ашып, жиналған жұртты рухани әлемге жетеледі.

Кеш тізгінін ұстаған Елена Анатольевна мен Әбілов Ернар мәдениет саласы қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, олардың қоғам өміріндегі орнына ерекше тоқталды. Олар мәдениет қызметкерлері – халықтың рухани дүниесін байытып, елге қуаныш пен шабыт сыйлап жүрген жандар екенін атап өтті.

Кештің ресми бөлімінде Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Ұлан Алмас сөз сөйлеп, мәдениет пен өнер өкілдерін кәсіби мерекелерімен құттықтады. Ол өз сөзінде шығармашылық ұжымдардың жетістіктеріне жоғары баға беріп, мәдениет саласының қала өміріндегі маңызын ерекше айтып, жеткізді.

Салтанатты шара барысында қоғамдық-саяси және мәдени өмірге белсене араласып жүрген бірқатар мамандар қала әкімінің Алғыс хаты-

мен марапатталды. Олардың қатарында №1 жалпы білім беретін мектебінің музыка пәні мұғалімі Елдос Қалжігітов, №2 мектептің музыка пәні мұғалімі Жадыра Ерланқызы, қалалық кітапхананың кітапханашысы Жанар Әлімбайқызы, мәдени-демалыс орталығының дыбыс режиссері Мерей Бесбайұлы, әдіскер Гаухар Кеңесбайқызы және мәдени ұйымдастырушы Ұлболсын Әмірбай бар.

Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарының дамуына қосқан үлесі үшін қала әкімінің баспасөз хатшысы Жанар Оралбай, «Priozersk FM» парақшасының негізін қалаушы Марина Трубочёва және «Қоржынтүбек жаршысы» газетінің бас редакторы Исатай Махамбет Алғыс хатпен марапатталды.

Қаланың мәдени өміріне белсенді атсалысып жүрген шығармашылық ұжымдар да назардан тыс қалмады. Приозерск қаласының мәдени-демалыс орталығындағы «Шабыт» домбырашылар ансамблі, «Кербез» және «Жорға» би ансамбльдері 50 мың теңгелік қаржылай сертификатқа ие болды. Бұл – өнер ұжымдарының еңбегіне берілген лайықты құрмет еді.

Кеш барысында «Аманат» партиясы Қарағанды облыстық филиалы төрағасының Алғыс хаттары да табысталды. Марапаттарды партияның Приозерск қалалық филиалының төрайымы Алтынай Рахимбаева табыс етті. Алғыс хат иелері қатарында мәдени-демалыс орталығының директоры Жанат Абулова, дыбыс режиссері Ерік Оспанов және қалалық кітапхананың кітапханашысы Гүлстан Мұқашева болды.

Мерекелік кеш әсерлі концерттік бағдарламамен жалғасын тапты. Ха-



лықаралық және республикалық байқаулардың жеңімпазы «Аяла» би ансамблі «Лялечки» мен «Жасмин» билерін тарту етсе, «Жорға» би тобы «Зверополис» биін орындап, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Жас әншілердің өнері де кеш көрінісін аша түсті. Балнұр Сарманова «Өзің ғана» әнін шырқап, нәзік үнімен көрермен жүрегін тербесе, Арлан Саятхан орындаған «Жылайды жүрек» әні көпшіліктің көңілінен шықты. Ернар Әбіловтің орындауындағы «Хикаям» әні мен Елдос Қалжігітовпен бірге шырқаған «Қазақ үшін» әні кештің рухын асқақтатты.

Мерекелік кеш аясында қаладағы мәдениет саласының дамуына зор үлес қосып келе жатқан «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығының музыкалық бөлімінің жетістіктері де ерекше аталып өтті. Биыл бұл бөлімнің құрылғанына 56 жыл толып отыр. Осы уақыт ішінде жүздеген бала өнер әлеміне қадам басып, музыка арқылы шығармашылыққа баулынды. Музыкалық бөлімнің түлектері бүгінде Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, Қазақ ұлттық өнер университеті және Қостанай педагогикалық институты секілді беделді оқу орындарында білім алуда. Н. Кутявина, А. Тлеутаев, Л. Казимова, Т. Мұқаш, Н. Жолдасбек сынды талапты жастар бүгінде өнер жолында өз білімдерін шыңдап жүр.

Бүгінде бөлімнің педагогикалық ұжымының шамамен 40 пайызы – осы орталықтың бұрынғы тәрбиеленушілері. Олардың қатарында Елена Анатольевна Литвинова, Елена Николаевна Волкова және Анастасия Юрьевна Митина сынды білікті ұс-

таздар бар. Бұл – шығармашылық сабақтастықтың жалғасы іспетті.

Осыдан жиырма жыл бұрын педагог Айман Нұртаеваның жетекшілігімен домбыра сыныбы ашылып, «Балбырауын» домбырашылар ансамблі құрылған болатын. Алғашында небәрі 15 баладан құралған ансамбль бүгінде 60 өнерпазға дейін өсіп, түрлі деңгейдегі байқаулар мен мәдени шаралардың белсенді қатысушысына айналды.

Приозерск қаласында арнайы мәдениет сарайының жоқтығына қарамастан, өнердің өрісі тарылған емес. Қала мәдениетінің жандануына үлес қосып жүрген мамандар ұлттық руханиятты дамыту жолында аянбай еңбек етуде. Бұл туралы мәдениет саласының өкілдері тілге тиек етті.

– Қаламызда мәдениет сарайы болмаса да, өнерді дамыту жолындағы жұмыс ешқашан тоқтаған емес. Алдағы уақытта арнайы мәдениет үйі салынса, осы салада еңбек етіп жүрген мамандар қаланың мәдени өмірін жаңа деңгейге көтеріп, өнер ордасының өркендеуіне зор үлес қосады деп сенемін, – дейді Приозерск қаласының мәдени-демалыс орталығының директоры Жанат Жалғасбекқызы.

Айта кетейік, расында, мәдениет – ұлттың рухани тірегі. Ал, сол руханиятты ұлықтап жүрген мәдениет қызметкерлерінің еңбегі қашанда құрметке лайық. Приозерскте өткен бұл мерекелік кеш өнерге деген шынайы сүйіспеншіліктің және ұлттық құндылықтарға деген адалдықтың айқын айғағына айналды.

*Нұрғос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»*

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №23/205, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады. Балаларға тыйым салынған.